## Қазақстан Республикасының орталық атқарушы органдары меморандумдарының жобалары бойынша ұсыныстар әзірлеу үшін жұмыс тобын құру туралы

Қазақстан Республикасы Премьер-Министрінің 2008 жылғы 23 желтоқсандағы N 287-ө Өкімі

Қазақстан Республикасының 2008 жылғы 4 желтоқсандағы Бюджет кодексінің 62-бабында көзделген Қазақстан Республикасының орталық атқарушы органдары меморандумдарының жобалары (бұдан әрі меморандумдардың жобалары) бойынша ұсыныстар әзірлеу мақсатында:

1. Мынадай құрамда жұмыс тобы құрылсын:

| | |
|---|---|
| Орынбаев Ербол Тұрмаханұлы | - Қазақстан Республикасы Премьер-Министрінің орынбасары, жетекші |
| Сұлтанов Бақыт Тұрлыханұлы | - Қазақстан Республикасының Экономика және бюджеттік жоспарлау министрі, жетекшінің орынбасары |
| Шәженова Дина Мәлсқызы | - Қазақстан Республикасы Экономика және бюджеттік жоспарлау министрлігінің жауапты хатшысы, хатшы |
| Әбдірахымов Ғабидолла Рахметоллаұлы | - Қазақстан Республикасының Премьер-Министрі Кеңсесінің Басшысы |
| Ыбыраев Азамат Болатұлы | - Қазақстан Республикасы Премьер-Министрінің Кеңсесі Басшысының орынбасары |
| Кармазина Лена Мағауияқызы | - Қазақстан Республикасының Экономика және бюджеттік жоспарлау вице-министрі |

2. Қазақстан Республикасы орталық атқарушы органдарының бірінші басшылары 2008 жылғы 20 желтоқсанға дейінгі мерзімде меморандумдардың жобаларын әзірлесін және жұмыс тобының қарауына енгізсін.

3. Жұмыс тобы 2008 жылғы 10 қаңтарға дейінгі мерзімде меморандумдардың жобалары бойынша ұсыныстар әзірлесін.

4. Осы өкімнің орындалуын бақылау Қазақстан Республикасы Премьер-Министрінің орынбасары Е.Т. Орынбаевқа жүктелсін.

*Премьер-Министр К. Мәсімов*

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК